

# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

## Жүніс пен үлкен балық



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Jonathan Hay  
Alastair Paterson

Бейімдеген: Mary-Anne S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Көп жылдар бұрын Израил жерінде  
Жүніс атты адам тұрды. Бір күні  
Құдай оған әлемдегі ең үлкен және  
ең күшті қала Ниневиге  
аттануды бұйырды.  
Жүніс сондағы  
адамдардың


бәріне  
Құдай  
олардың  
қаншалықты  
зұлым екендерін  
білегінің ескертуге  
тиісті еді.

Жүніс Құдайға бағынбады!  
Ниневиге аттанудың орнына  
Жүніс кемеге отырып, қарама-  
қарсы бағытқа, Тарсис деген  
жерге жүзіп кетті.




3

Жаратқан Құдай теңізге күшті жел жіберді. Қатты  
дауыл болды! Теңізшілер кемеңің бөлшектерге  
бөлініп қирап батып кету мүмкіндігінен қорықты.




4

Дауыл күшейген үстіне күшейе түсті. Үрейленген  
теңізшілер өздерінің құдайларына сиынып, кемеңің  
жеңілдету үшін барлық жүкті теңізге лақтырып  
тастаған. Алайда ештеңе көмектеспеді.



5

Жүніс кемедегі мінәжат етпеген жалғыз адам болды.  
Оның орнына ол кемеңің ішінде қатты ұйықтап  
жатты. Кемеңің басшысы оны тауып алды. «Сен  
неге ұйықтап жатырсың? Тұр! Өзіңнің Құдайыңа  
сиын! Мүмкін Құдай бізді е сіне  
алып, біз құрып кетпе сіз».



6

Көп өтпей теңізшілер өздерінің бастарына төнген  
бәленің Жүніспен байланысы бар деп шешті. Ол  
оларға өзінің Құдайдан қашып жүргенін айтты. Олар  
одан: «Теңіз тынышталу үшін біз саған не істесек  
болады!» –деп сұрады. «Мені көтеріп алып теңізге  
лақтырыңдар, –деп жауап  
берді Жүніс. –Өйткені бұл  
апаттың сендерге  
мен үшін төнгеніне  
сенімдімін».



7

Теңізшілер Жүністі  
теңізге лақтырғылары  
келмеді. Сондықтан  
олар бар күштерімен  
кемеңің жағаға жеткізу  
үшін есумен болды.  
Бірақ олардың  
қолдарынан  
келмеді. Енді тек  
бір ғана нәрсені  
істеу қалған!



8




Кешірім сұрап сиынған соң теңізшілер Жүністі көтеріп алып, теңізге лақтырды. Жүніс толқындардың астында көзден таса болған кезде, теңіз де тынышталды, дауыл да басылды.



9

Ауа райының кенеттен болған өзгерісі теңізшілерді дауылдан бетер қорқытты. Олар бәлкім мұны тек Құдайдың ғана іске асыра алатынын білген болса керек. Олар қорқып әрі қайран қалып **ЖАРАТҚАН ИЕГЕ** тағзым етті.



10

Сол уақыт аралығында тілазар пайғамбар бір тосын сыйға тап болды. Теңіздің қойнында дәрменсіз күйде батып бара жатқан Жүніс өзін суға батып кетуден құтқаратын ешкім жоқ екенін білді. Ол батып кетер еді, алайда Құдайдың жоспары басқа болатын.



11

Жаратқан Ие Жүністі жұтып қою үшін үлкен балықты дайындады. Балық дәл уақытында келді! Бірақ рет жұтқан кезде, Жүніс балықтың қарнына түсе қалды. Ол оның ішінде үш күн бойы болды. Ойланып-толғанып сиынуға оның уақыты жеткілікті еді.



12

Үш күн өткен соң Жүніс ақырында Құдайға бағынуға уәде берді. Құдай бірден балыққа бұйрық беріп, ол Жүністі жағаға лақтырып тастады.



13

Құдай Жүніске қайтадан Ниневиге барып, Құдай сөзін уағыздауды айтты. Бұл жолы Жүніс барды! Жүніс: «Қырық күн өткен соң Ниневе қирайтын болады», –деп ол қалаға айғайлап кірді.



14

Ниниви тұрғындары Құдай сөзіне сенді. Олар өздерінің күнәлары бола өкінетіндерін Құдайға көрсету үшін тамақ ішпей, азалы киім киді. Тіпті патша да өзін Құдай алдында кішіпейіл ұстады. Ол тағынан түсіп, азалы киім киіп, күлге отырды. Күллі жұртқа өздерінің зұлым жолдары мен зорлық-зомбылықтарынан бас тартып, Жаратқан Ие өздерін кешіру үшін сиынуды бұйырды.



15

Құдай оларды ШЫНЫМЕН кешірді! Ниневидегі адамдар өздерін Құдайдың кешіргенін түсінген кезде, ол бір тамаша қуанышқа толы күн болған шығар!



16

Жүніс неге ашуланды? Ол Құдайға: «Мен Сенің мейірімді де рақымды, ашуға баяу, жақсылық жасауға да шебер екенінді білдім», – деді. Басқаша айтқанда, Жүніс өз күнәларына өкініп, Құдай Сөзіне бағынатындарды Құдайдың әрдайым кешіретінін білді. Жүніске Ниниви тұрғындары ұнамағанға ұқсайды. Ол олардың кешірім алғандарын қаламады.



17

Жүністің Құдайға ашуланғаны сонша, ол: «Менің өмірімді ал, өйткені өлім мен үшін өмірден артық», – деді.



18

Жүніс қаланың сыртында Құдайдың ары қарай не істейтінін күтіп отырды. Жаратқан Құдай үлкен жапырақты өсімдік өсіріп шығарды. Ол тез өсіп, Жүністі күні бойы шыжыған күннен қорғады.



19

Келесі күні таңертең Құдай өсімдікті жеп қоюға құрт жіберді. Содан кейін Жаратқан Ие Жүніске ыстық әрі қатты жел жіберді, ол өзін өліп қалатын болармын деп ойлады. Мұның бәрі Жүністі одан әрмен ызаландырды.



20




Сонда Жаратқан Ие Жүніске былай деді:  
«Сенің ашулануға қандай да бір қақын  
бар ма? Сен өзің еңбек етпеген,  
өзің өсіріп шығармаған жүзім  
бұтасына жаның ашыды.

Ал ол бір  
түнде пайда  
болып, бір түнде  
өліп қалды.



21

Менің мыңдаған тұрғыны бар  
ұлы қала Ниневиге қалайша  
жаным ашымайды?»



22

Жүніс пен үлкен балық

Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме

табылады

Жүніс

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

23



26

60

24

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

25